

Тамсилдин текстин окуп жаткан кезде торгойдун образынан кадимки жандуу бир сценаны ачык элестетүүгө жетише алабыз. Дароо эле жашоодогу реалдуу көрүнүштү, адамдын бир-бирине жасаган зөөкүрлүгүн, ырайымсыздыгын жандуу картинада көрүүгө болот. Тамсилдин маңызы да ачып берүүчү максаты да ушул касиетинде деп айтуу орундуу. Кыргыз тамсилдеринин улуттук түшүнүктө башка жанрлар менен жуурулушуп келип калыптанышы элге тез сиңип кетиш жагдайын түшүндүрөт.

Адабияттар:

1. Закиров, С. Эл чыгармачылыгы – эл кенчи [Текст] / С. Закиров. - Фрунзе, 1981.
2. Ибраимов, К. Элдик оозеки чыгармачылык [Текст] /К. Ибраимов. - Бишкек, 2014.
3. Мусаева, Ж. Кыргыз эл тамсилдери [Текст] / Ж. Мусаева. - Фрунзе: Илим, 1985. - 5-б.
4. Мукамбаев, Ж. Эл ичи – өнөр кенчи [Текст] / Ж. Мукамбаев. - Фрунзе, 1982.
5. Танаев, Т. Эпикалык жанрлар. 2-китеп [Текст] / Т. Танаев. - Ош, 1999. - 62-126-бб.

DOI: <https://doi.org/10.69722/1694-8211-2025-60-304-313>

УДК: 801

Елесбай Н., магистрант, jamuya@mail.ru

Scopus ID: 57213143185

ORCID: 0000-0002-0482-1223

*М. О. Ауэзов ат. Адабият жана өнөр институту
Алматы ш., Қазақстан*

**СҮЙҮНБАЙ МЕН АРЫСТАНБЕК, КАТАҒАН АҚАНДАРДЫҢ
АЙТЫС НҮСҚАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ**

Мақалада қырғыз халқының ұлы төкпе ақыны Арстанбек Бүйлашұлы мен қазақ ақыны Сүйінбай Арунұлының айтыстарының зерттелуі туралы айтылады. Сонымен қатар, қырғыз халқы мен қазақ халқында сақталған қолжазбаларды жинаушылар, екі ақынның айтыстарын халық арасында өлеңмен таратуға атсалысқандар туралы да мәліметтер беріледі. Осы сияқты, екі ақынның өлеңдерінің варианттары арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарға ғылыми контексте талдау жүргізіледі. Қазақ елінде Арстанбек ақынның есімі кеңінен тарағаны, оның қазақ тілінде тамаша өлең айта алғандығы, сондай-ақ қазақ ақыны Сүйінбай Арунұлының қырғыз тілін жақсы меңгергені айтылады. Бұдан бөлек, қазақ нұсқаларында Арстанбек ақынның Қатаған деген атымен белгілі болғаны зерттеледі

Құндылықты сөздер: ақын, төкпе, айтыс, қырғыз халқы, қазақ халқы, мұра, нұсқа.

Елесбай Н., магистрант, jamuya@mail.ru

Scopus ID: 57213143185

ORCID: 0000-0002-0482-1223

*М. О. Ауэзов ат. Адабият жана өнөр институту
Алматы ш., Қазақстан*

**СҮЙҮНБАЙ МЕНЕН АРСТАНБЕК, КАТАҒАН АҚЫНДАРДЫҢ
АЙТЫШЫНЫҢ ВАРИАНТТАРЫ ЖӨНҮНДӨ**

Макалада кыргыз элинин улуу төкмө акыны Арстанбек Буйлаш уулу менен казак акыны Сүйүнбай Арун уулунун айтыштарынын изилдениши тууралуу айтылат. Ошондой эле кыргыз эли менен казак элинде сакталып калган кол жазмаларды жыйноочулар, эки акындын айтыштарын эл арасына ырдап жайылткандар боюнча да маалыматтар белгиленет. Ушул сыяктуу эле эки акындын ырларынын варианттарынын айырмалары, окшош жактарына илимий контекстте анализ жүргүзүлөт. Казак элинде Арстанбек акындын ысымы кеңири тарап, анын казак тилинде мыкты ырдай алгандыгы, ошондой эле казак акыны Сүйүнбай Арун уулунун кыргызча мыкты билгени айтылат. Мындан сырткары, казак нускаларында Арстанбек акындын Катаган деген ысым менен белгилүү болгондугу изилденет.

Түйүндүү сөздөр: акын, төкмө, айтыш, кыргыз эли, казак эли, мурас, нуска.

Елесбай Н., магистрант, jamuya@mail.ru

Scopus ID: 57213143185

ORCID: 0000-0002-0482-1223

Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова,
г. Алматы, Казахстан

ВАРИАНТЫ АЙТЫШОВ ПОЭТОВ СУЙУНБАЯ И АРСТАНБЕКА

В статье рассматриваются исследования айтышов казахского поэта Суйунбая Арун уулу и кыргызского поэта-импровизатора Арстанбека Буйлаш уулу, а также казахский и кыргызский варианты айтышов. А также приводятся сведения об их сохранившихся рукописях, собирателях айтышов и воспевателях произведений, которые распространяли среди народов произведения двух поэтов. Были проанализированы различия и сходства вариантов в научном контексте. Также отмечается, что кыргызский поэт-импровизатор Арстанбек Буйлаш уулу прекрасно владел казахским языком, и его имя было широко известно среди казахского народа, в свою очередь, Суйунбай Арун уулу также прекрасно владел кыргызским языком. Автором отмечается тот факт, что Арстанбек Буйлаш уулу в казахских вариантах айтышов был известен под именем Катаган.

Ключевые слова: поэт, импровизатор, айтыш, кыргызский народ, казахский народ, наследие, вариант.

Yelesbay N., master's student, jamuya@mail.ru

Scopus ID: 57213143185

ORCID: 0000-0002-0482-1223

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan

VARIANTS OF AITYSH BY POETS SUYUNBAI AND ARSTANBEK

The article examines studies on the aitysh performances of the Kazakh poet Suyunbai Aron uulu and the Kyrgyz poet-improviser Arstanbek Buylash uulu, as well as the Kazakh and Kyrgyz versions of these aitysh. The article also provides information about their surviving manuscripts, collectors of aitysh, and singers who spread the works of both poets among the people.

The differences and similarities between the versions are analyzed in a scholarly context. It is also noted that the Kyrgyz poet-improviser Arstanbek Buylash uulu had an excellent command of the Kazakh language and was widely known among the Kazakh people, while Suyunbai Aron uulu was also fluent in Kyrgyz. The author highlights the fact that in Kazakh versions of aitysh, Arstanbek Buylash uulu was known by the name Katagan.

Keywords: poet, improviser, aitysh, Kyrgyz people, Kazakh people, heritage, variant.

Сүйүнбай мен Арыстанбек айтысының нұсқалары

Бүкіл қазақ, қырғыз еліне белгілі, әсіресе, Жетісу жерінде кең таралған, бүгінге

дейін түрлі нұсқаларымен ел аузында сақталған халықаралық айтыстың үлкен бір үлгісі – Сүйінбай мен Арыстанбектің (Қатағанның) айтысы. Бұл жыр бәйгесі 1850 жылдардың басында қырғыз елінде, Ыстықкөл маңында үлкен ас болып, сонда өтеді. Кімнің асы екені жайлы айтыс нұсқаларында әр түрлі сөз болады. 1935 жылғы жинақта «Сұлтанқұл деген қырғыздың манабының асы» [1] десе, 1937 жылғы Жамбыл нұсқасында «1873 жылғы хан Орманның асы» [2], Сариев Әбдіғалидің 1930 жылы Жамбылдың аузынан жазып алған нұсқасында «Қырғыздың Саяқ руынан шяққан байы Алыбайдың асы» [3] және Әшім Нұрлыбаевта «Қырғыз Мырзаханның асы» [4] аталса, М. Үмбетбаевтың 1978 жылы Шу қаласының тұрғыны Мәдеш Әлімбековтен жазып алған нұсқасында «қырғыз ханы Орманның шешесінің асы» [5] делінеді. Ал қырғыз нұсқасында: «1850 жылдардың төңірегінде Алыбайдың асынан 2-3 жылдан кейін Жетіөгізде болған үлкен аста өтеді» [6] делінеді.

Жоғарыда айтылғандай, Сүйінбаймен айтысқан қырғыз ақынының есімі да бірде «Арыстанбек» болып аталса, бірде «Қатаған екен» делінеді. С. Садырбаев пен Е. Естаев құрастырған 1990 жылғы «Сүйінбай Аронұлы шығармалары» жинағында: «Қатаған – қырғыз елінің атақты ақыны. Қатаған туралы әдебиетте екі түрлі пікір бар: бірінде оның шын аты Арыстанбек еді деп айтады. Арыстанбек Бұйлашұлы 1828 жылы Шоң Нарын деген жерде туған, руының атымен Қатаған аталып кеткен» [7] деген тұжырым жасалады. Дей тұрғанмен қырғызша нұсқасында: «Бұл екі есім қырғыздың екі үлкен жыршылары еді, екеуі де Сүйінбай ақынмен ілгерінді-кейінді Ыстықкөл маңында өткен аста кездесіп, айтысқан еді», – дейді.

Демек, 1850 жылы қырғыз жерінде Алыбайдың асы өтеді, бұл ас Кенесары-Наурызбайдың соғысынан кейінгі алғаш екі елдің бас қосқан үлкен жиналысы еді. Аста Сүйінбай ақын мен Қатаған айтысады. Тезек төре мен Бөлтірік шешен Сүйінбайға сенгендіктен де үлкен айтысқа алып келген. Сүйінбай жас болса да, атағы күллі қазақ жұртын шарпыған айтулы ақыны, ал Қатаған болса, қырықтың қырқасына шығып, жұртына танылған, қазақтарға да барып, айтысып бәйге алып жүрген үлкен ақын болса керек. Сөзді Қатаған бастайды: «Кенесары, Наурызбайыңды өлтіріп, итке басын салғамын, қанеки, кегінді алғаның?!» деп шулы сөзді шұбыртқаны қалыстарға жақпай, бәйгені Сүйінбайға береді. Аста Арыстанбек те болып, жасы үлкен Қатағанмен жол таласа алмай, өкініп қалады. «Сүйінбаймен бір беттесем» деп армандап жүреді.

Алыбайдың асынан 2-3 жыл өткен соң Жетіөгізде тағы бір үлкен ас болады. Бұл асқа Тезек төре бастаған қазақтан бір шоғыр беделді адамдар келеді, арасында Сүйінбай ақын да болады. Осы аста Арыстанбек Сүйінбай ақынмен айтысып, арты үлкен дау-жанжалға ұласып бара жатқан соң айтысты тоқтатып, бәйгені екеуіне тең бөліп береді. Бұл деректерге қарағанда, Сүйінбай қырғыздың екі ақынымен айтысқан болып есептелінеді. Қазақ әдебиеті газетінде Бактияр Әбілдаұлы «Сүйінбай мен Арыстанбек айтысының» қырғызша нұсқасын қазақшаға аударып жариялады. Осы айтыстың алғы сөзінде: «Ақиық ақынымыз Сүйінбайдың қырғыз ақыны Қатағанмен айтысқанын және оны жеңгенін оқырмандарымыз жақсы біледі. ... Ал енді осы айтыстан кейін, бірер жылдан кейін Сүйінбай Қырғыздың шоң ақыны Арыстанбекпен де айтысқан» [8], – дейді. Демек, бұл мәселені әлі де болса тереңдей зерттеу, айтыс нұсқаларына текстологиялық жұмыстар жасауды талап етеді. Сонымен айтыс нұсқаларына тоқталалық:

1. *Сүйінбай ақынның қырғыздың атақты ақыны Арыстанбекпен айтысқаны (I-нұсқа).* Айтыс алғаш «Ақындар аманаты» (2014) атты қазақтың ауызша әдебиеті топтамасында және 2015 жылы Сүйінбай ақынның 200 жылдық мерей тойы қарсаңында М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері

Токтар Әлбеков пен Нұржұма Елесбайдың құратырған «Сүйінбай ақынның толық шығармалар жинағында» басылды [9]. Оның Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталған қолжазба нұсқасы (1292-бума) өте көлемді, екі жүз бетке жуық (араб әрпінде) мәтіннен тұрады. Түпнұсқасында жазып алушы не жинап тапсырушы туралы мәліметтер көрсетілмеген. Кирилл әрпімен машинкаға басылған тағы бір нұсқасы институттың қолжазбалар қорында (596-бума) сақталған. Қолжазбада айтысты 1937 жылы Жамбылдан жазып алған Өмірзақ Қарғабаев екендігі көрсетілген. Соған қарағанда кейінен жинаушының аты-жөні жазылған парақ жыртылып қалғанға ұқсайды. Машинкаға басылған көшірмесінде ішінара сөйлемдері түсіп қалған, дұрыс оқылмайтын сөздер жиі кездеседі.

Айтыс нұсқасының тағы бір өзгешелігі – ақынның қазақ руларын және олардың орналасқан аумағын таратып айтумен шектелмей, сол рудан шыққан батырларды, байларды, елге шапағаты тиген игі-жақсыларды да таратып айтады. Мұнан Сүйінбай ақынның қазақ жерінің географиялық жағдайын, ел тарихын терең білгендігі аңғарылады. Ақын қазақ руларын таратып келіп, Қасқарауға келгенде, осы рудан шыққан Өтеген батыр туралы ұзақ толғайды. Дегенмен айтыста кездесетін «Өтеген батыр» туралы ұзақ жыр бұл жеке дастан екені баршаға мәлім. Сондықтан мұны Ө. Қарғабаев тарапынан қосылғаны не Жамбылдың айтысты жырлау барысында кірістіргені беймәлім.

Айтыс соңында «Айтушы Жамбыл қарттан» деген арнайы тақырыпша бар. Мұнда Жамбыл ақын өзі туралы айтады:

«Жазу таза жазылды,
Жабылған әңгіме табылды.
Жасырынған ашылды,
Сүйінбайдың айтысын,
Жамбыл айтып шашылды», –

дей келіп, айтыстың артық-кем жері болса алынып тасталып, баспаға басылуын талап етеді, кейінгі ұрпаққа үлгі болсын дейді. Сонымен бірге:

«Жабулы жатқан әңгіме еді,
Жабуынан енді ашылды», –

деп көп жыл көкірегінде сақталған асыл мұраның хатқа түскеніне ризашылығын білдіреді. Дей тұрғанмен бұл айтыс мәтіні Кеңестік саясатқа байланысты басылым көрмей, ұзақ жыл қорда сақталып келген. Айтыс қолжазбасының фотокошірмесі Қырғыз Республикасы Шыңғыс Айтыматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында да сақтаулы.

2. *Арыстанбек пен Сүйінбайдың айтысы (2-нұсқа).* Айтыстың қолжазбасы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (337-бума, 4-дәптер) сақталған. Хатқа түсіріп, 1959 жылы тапсырушы – ақын Әшім Нұрлыбаев. Туындағы баяндау тәсілі, оқиғалар тізбегі түгел өлеңмен жырланады. Айтыс Ө. Нұрлыбаевтың кіріспе сөзінен басталады, яғни бұрынғы қырғыз-қазақ арасында өткен барымта-сырымтаны, бай-манаптардың зорлығын айта келіп, Тезек төре жайлы сөз қозғалады. Сүйінбай төренің өлеңмен есін алып, шындығын айтып, айыбын бетіне басып, сесін қайтарады. Сөйтіп, Тезектің ақыны атанады. Сол тұста қырғыздар Мырзаханның асын беріп, Тезекті ақынымен арнайы асқа шақыртады. Аста Сүйінбай қырғыздың Арыстанбек ақынымен айтысып, 100 ат бәйге алады. Қырғыздың ханы Бәйтікше Сүйінбайды Тезектен үш айға сұрап алып, өзінің ата-тектерін жоқтатады, үш айдан соң қасына жиырма жігіт қосып, еліне сәулетпен жеткізіп салады.

Айтыстың тілі шұрайлы, көркем. Дегенмен айтысты жырлаушы Нұрлыбаев Әшімнің совет өкіметі саясатына байланысты, кейбір қазақ руларын және қазаққа

жақын елдерді таратып айтатын жерінде өз жанынан қосқан шұмақтары да бар екендігі мына жолдардан байқалып қалады:

«Туғаным келді батыстан,
Тілекті Құдай бергенде
Туғаным келіп түзетті.
Жабайылық, бассыздық,
Кемшілікті көргенде
Бірге туған қазақпен,
Жаңа келді орысым».

Әрине бұл Сүйінбайдың айтқаны емес екені белгілі жағдай. Бұл турасында халық ақыны Әсімхан Қосбасаровтың: «Ел аузынан бүгінгі ұрпаққа жеткен осы тарихи айтысты бала кезімізде екінің бірі жатқа білетін еді. Кейіннен баспа бетін көргенде түрлі саясатқа сай бұрмаланып, көп жері қысқарып шыққан болды. Екі елдің намысына тиер сөздерді алып тастап:

«Былай қашсаң татарым,
Ол да менің қатарым.
Былай қашсаң орысым,
Ол да менің қонысым», –

дейтін сияқты шумақтарын қолдан қосқанын көрдік» [10] деген пікірі бұған дәлел болады. Сондай-ақ руларды таратып келіп, Кіші жүзге келгенде:

«Қыпшақ деген Кіші жүз,
Дүниенің болған тірегі», –

деген ұшқары дерек айтылып қалады. Ал қыпшақтардың Орта жүзге кіретіндігін дәлелдеп жатудың қажеттілігі шамалы. Айтыс барысында Тезектің тегіне қатысты: «Ержанның тұқымынан Тезек болған, Бәрі де Қасымның балалары» дейтін өлең жолдары кездеседі. Тезек төренің Абылайдың немересі, Әділдің ұлы Нұралыдан туғандығы да ғылыми тұрғыда дәлелдегені де белгілі. Бұны жеткізушілердің, болмаса жазып алушылардың тарапынан кеткен кемшілік деп ұғынған жөн. Бұл ретте айтыс мәтінідегі адам, ру, жер-су атауларының өте мол екенін ескеру керек.

3. *Сүйүмбай менен Арстанбек айтышы (3-нұсқа)*. Сүйінбай Аронұлының шығармалары қашанда қалың елдің назарын аударған, арада қаншама жылдар өтсе де ел жадынан өшпеген. Алайда, кеңестік кезеңдегі шектеулердің салдарынан ақынның қырғыз ақындарымен айтыстары түгел жарыққа шыққан жоқ. Қазақстанда Сүйінбай ақын әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары санатында саналғанымен, қырғыз елінің өнерпаз тұлғасы Арыстанбек Бұйлашұлының шығармалары қырғыз ағайындар тәуелсіздік алғанға дейін тасада қалып, зар заман поэзиясының жыршысы ретінде ғана ауызға алынды. Оның алғашқы «Арыстанбек. Ырлар» жинағы 1994 жылы ғана басылым көрді.

Айтыстың қазақ версияларын салыстыра қарағанда, жарияланған мәтіндердің көлемінде, мазмұнында, стилдік жүйесінде түрлі өзгешеліктер бар екендігі байқалады. Мәтін тарихына қатысты айғақты деректер, текстологиялық сараптаулар (қырғыз версиясымен де) қамтылмағандықтан, айтыстың негізгі нұсқасы айқындалмаған. Сондай-ақ қырғыз версиясы мазмұнының қазақ нұсқаларымен сәйкес келмейтіндігіне көз жеткізуге болады. Қазақ-қырғыз зерттеушілерінің еңбектерінде алдымен Сүйінбай Қатағанмен, араға уақыт салып Арыстабекпен айтысқа түскен. Жоғарыда көрсетілгендей жалпы қазақ оқырмандарына, әдебиеттанушыларына белгісіз болып келген айтыстың қырғыз нұсқасын Бақтияр Әбілдаұлы қазақ тіліне аударып 2001

жылғы «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады [8]. Ал бұл версияны Арыстанбектің жеке жинағындағы мәтінмен салыстыру барысында көптеген айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Газетте айтыстың мәтін тарихына байланысты мардымды деректер көрсетілмегендіктен, қандайда бір кесімді пікір айту қиын.

Сүйінбай мен Қатаған айтысының нұсқалары

Халық жадында жақсы сақталған, тіпті, күні бүгінге дейін нәсихатталып, айтылып жүрген айтыстың нұсқасы, бұл – «Сүйінбай мен Қатаған айтысы». Тіптен қазақ арасында қырғыз ақыны Арыстанбектің де есімі «Қатаған» болып сіңіп кеткен.

Қырғыз нұсқасында Арыстанбек пен Қатаған екі жыршы десе, қазақ ішінде таралып жүрген айтыс нұсқаларында екі есімді арқалап жүрген бір адам. Жамбылдың айтуынша: «Арыстанбектің руы Қатаған, сонан «Қатаған» аталып кетіпті» [3] десе, Нұрлыбеу Әшім нұсқасында «Арыстанбек деген ақыны сол екен. Қоңырбөрінің асында бес жүз жылқы елден алғаны үшін Арыстанбек атына қосымша «Қатаған» деген берілген екен» [4] дейді.

Сөйте тұра Жамбыл ақын жырлаған «Сүйінбай ақынның қырғыздың атақты ақыны Арыстанбекпен айтысқан» нұсқасында:

«Тас жарады тілдері,
Жер жарады үндері,
Хан Орманның асында,
Қатағанмен айтысып,
Жеңіп алған күндері», –

дейтін өлең жолдары кездеседі. Бұл деректерге қарағанда, Арыстанбек ақынның руы – Қатаған, не алдындағы Қатағандай мықты жыршы болғандығы үшін ел құрметтеп оны да «Қатаған» атандырса керек. Дей тұрғанмен бұл пікір әлі де болса, ғылыми дәлелдеуді талап етеді.

Сүйінбай мен Қатаған айтысы алғаш 1935 жылы І.Жансүгіров құрастырған «Сүйінбай ақын» жинағында Бейсенбайдан жазып алынған нұсқа жарық көрген. Мұнан кейін 1975 жылы С.Садырбаевтің құрастыруымен жарыққа шыққан ақынның «Ақиық» атты жинағында Жамбыл музейінің қолжазба қорынан алынған нұсқа жариялаған [11]. Айтыс мәтіні М. Үмбетаев жазып алған нұсқаға жақындайды, бірақ өте шағын, Сүйінбайдың қырғыз манаптарына сәлем беруі, Қатағанның киіп кетіп Сүйінбайға тиісуі, Сүйінбайдың оған берген жауабымен айтыс аяқталады.

1990 жылы С. Садырбаев, Е. Естаев құрастырған «Сүйінбай. Шығармалары» атты жинаққа аталған М. Үмбетаев нұсқасы енгізілген. Кітаптың түсініктемесінде былай делінген: «Осы жинаққа Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорындағы Жамбылдан 1937 жылы жазып алынған толық нұсқасы мен «Сүйінбайдың әдеби мұрасының тарихи-әлеуметтік сипаты» деген тақырыпта диссертация қорғаған филология ғылымдарының кандидаты М. Үмбетаевтың Шу қаласының жыршысы Мәдеш Әлімбековтен жазып алған варианты енгізілді» деп жазылған. Дегенмен аталған екі нұсқаның алдыңғы нұсқасы енгізілмеген. Бұл 1990 жылғы жинаққа енбей қалған нұсқа – Ө.Қарғабаевтың Жамбылдан жазып алған Сүйінбай мен Арыстанбек айтысының ең көлемді нұсқасы.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін де айтыс бірқанша рет ақынның шығармалар жинағына енеді [12]. Бірақ бұған дейінгі жарияланымдар 1990 жылғы айтыс мәтіні бойынша қайта жарияланып келген. Тек 2005 жылы «Жетісу» газеті (17 қыркүйек) Ақан Әбдуәліұлының ел арасындағы Сүйінбай мен Қатаған айтысын жырлаушы, нәсихаттаушы кісілерден үйреніп, жинаған жаңа нұсқасын жариялады. Бұл айтыс нұсқасы да бүгінде қордан табылып отырған жоғарыдағы аталған нұсқаларға қарағанда

көлемді деп айтуға болмайды. Сондай-ақ кейінгі жырлаушылар жағынан әрленген, қосылған тұстары бар сияқты. Мәселен, асқа келген Сүйінбай ақынның қырғыздармен амандасып, бай-манаптарын көтермелеп өлеңге қосқанына риза болған манаптар: «Ал, енді не тілейтініңді айт?» – дейді. Сүйінбай тілегін айтады, осы арада Қатаған:

«Келе сала «бер» дейсің,
Орман атты бегіме.
Ұмтылсаңшы өзіңнің
Жем жейтұғын теңіңе?» –
десе, қырғыз нұскасында:
«О, Сүйінбай, тоқтағын,
Әлсіздің сөзін қозғадың».
Мойныға дорба асынып,
Алақан жайған тіленші,
Бейшара, сорлы аш па едің?» –

деген сияқты Сүйінбайдың әр сұраған дүниесіне жауап қайтарып, соқтыға сөйлейді. Ал А.Әбдуәлиұлы нұскасында Қатағанды жеңгеннен кейін барып, манаптар Сүйінбайға тілегін айтқызады. Сондай-ақ қазақ руларын таратып айтатын өлеңі де реті жағынан өзгеріске түскені байқалады.

Жетісу жерінде Сүйінбай мұраларын насихаттаушы, Жамбылдан бата алған, көрнекті халық ақыны Әсімхан Қосбасаровты атауға болады. Әсімхан жырлаған «Сүйінбай мен Қатаған» айтыс соңғы рет «Жетісу дүлдүлі» [10] атты өзінің шығармалар жинағының 2-кітабында жарық көреді. Айтыс соңында Ә. Қосбасаров: «Рас, менің жадымда сақталған осы айтыс нұскасы ең дұрысы, тура сол күні айтылған түрі деп дәлелдеуге ешбір хақым жоқ. Бұл айтысты жатқа айтатын адамдардың әрқайсысы әр түрлі жеткізетін. Ауыз әдебиетінің ерекшелігі де осында ғой» деген ой-пікірін білдіреді. Мұнан ақынның көрегендігі мен кішпейілдігін аңғаруға болады. Әсімхан ақынның айтуынша Сүйінбайдың қырсығын кестіру үшін ел ақсақалдары оны қырғыздың манаптарына жібереді. Алайда Ә. Сариевтің Жамбылдың аузынан жазып алған «Сүйінбайдың Тезек төреге айтқаны» дейтін өлеңнің кара сөзінде: «Сүйінбай бұрын Тезекке бармаған еді. Сонан Ақша деген кісі:

– Сен Тезекке бар. Хан емес пе? Сенің қырсығыңды кесетін шығар. Шапырашты, Дулаттың шолақ етектері сені Сүйінбай қып туғызбайды. Сені қой, серкешке бағалап жүр, сен қой, серкештің ақыны емессің, – депті» деген дерек келтіреді. Соған қарағанда айтысты Жамбылдың жеткізгені қисынды деуге болады.

1. *Сүйінбай ақын мен Қатағанның айтысы (1-нұсқа)*. Айтыстың кирилл әрпінде хатқа түсірілген қолжазбасы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (386-бума, 3-тізім) сақталған. Жинап, тапсырған халық ақыны – Сариев Әбдіғали. 1930 жылы Жамбыл ақынды үйіне үш күн қондырып, өз аузынан жазып алған. Ал Жамбыл айтысты Сүйінбайдың жанында жүріп үйренгенін айтқан. Айтыста өзге нұсқаларда кездеспейтін оқиғалар орын алады. Атап айтқанда, қырғыздың Саяқ руынан шыққан атақты байы Алыбай қайтыс боп, соған ас беріледі. Тезек төре Албан, Дулаттан 360 кісімен қырғызға аттанады. Мұны естіп Сүйінбай ақын Көкшөлақпен Ыстықкөлді жағалап, Қарақұжыр жайлауына тартады. Ас берген ауылға жақындағанда мал іздеп жүрген қырғыздан Алыбайдың асы туралы сұрап біледі. Жол бойы аты арып, зорға жеткен ақын Алыбайдың сүйегі шыққан ордасына бата оқиды да, артынан мақтап өлең айтып, байдың кенже ұлының тұлпарын ерімен қоса атқа сай арнап тігілген киімдерін де алады. Бұған:

«Алты ұлын Алыбайдың берген Құдай,
Өзінді жаңа көріп көңілім жай.
Нарық білмес жаманға ісің түссе,
Жөнін білмей сөз сөйлер олай-бұлай.
Жаман ерім атыңа жараспайды,
Маған берсең, ер-тоқымын алмағын-ай!
Өзіңнің көк жорғаға жарастықты,
Арналып жасалыпты киімің де сай.
Арналған көк жорғаға порымыңды,
Манабым, берер болсаң, бергін бұзбай?»

деген жолдар айғақты дәлел болады. Айтыстың өзге нұсқаларында мұндай оқиға кездеспейді.

Осы Сәриеев нұсқасына өте жақын айтыстың тағы бір нұсқасы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында [13] сақталған. Халық мұраларын жинаушы Жылқыбайұлы Мұқаметжан Қолжазбада: «1977 жылы 21сентабірде осы қырғыз-қазақтың айтысқан өлеңін Арысбек Алқожаұлы Тұрлығожа немересінің дәптерінен жазып алдым. Әбуталіп Нұрбекұлы Орбағұл немересі. 83 жыл, 2 июнь, бейсенбі» деген ескертпе жазған. Мәтін араб әрпімен хатқа түскен. Оқиға желісі, айтыс мәтіні, жалпы мазмұны жағынан аталған нұсқамен ұқсас, дегенмен көлемі шағындау.

2. *Қырғыз Қатаған ақын мен қазақ Сүйінбай ақынның айтысқаны (2-нұсқа).* Айтыс қашан, қайда, кімнің асында өткені туралы мәліметтер көрсетілмеген. Қолжазбаны «Қостанай – Солтүстік Қазақстан, Тюмень-Омбы» экспедициясы кезінде Әбдіреш Оспанов деген адамнан қабылдап алып, институт қорына тапсырған – Е. Ысмайылов пен Б. Адамбаев [14]. Жыр додасы Сүйінбайдың қырғыз манаптарына арнап өлең айтқан жерінен бастау алады. Негізгі мазмұны өзге нұсқаларға жақын, көлемі шағын. Нұсқаларды салыстыра қарағанда, өзіндік ерекшеліктері де байқалмай қалмайды. Мысалы, Қатаған жыршының Тезек төреге тиісе сөйлейтін мына шумағы өзге нұсқаларда кездеспейді.:

«Қазақтың жаңа көрдік Тезек ханын,
Ұрлықпен жиған дейді күллі малын.
Залымдық қыла берме, тақсыр, төрем,
Қиналар азап көріп шыбын жаның?»

Сондай-ақ нұсқада Сүйінбайдың қазақ руларын таратып айтатын өлең жолдары тым қысқа қайырылып отыратындығын мына жолдардан айқын аңғаруға болады:

«Былай қашсаң – Сарыүйсін,
Сарыүйсіннің бәрі Үйсін.
Мен Сүйінбай екенімді
Енді батыр танысын.
Былай қашсаң – Жанысым,
Жанысымды шақырсам,
Жанып кетер қамысың...
Былай қашсаң – Сиқымым,
Былай қашсаң – Ботпайым,
Желе басып оттайын».

Айтыстың басқа нұсқаларында әр руға жеке-жеке тоқталып, тіпті ол рудан шыққан атақты адамдар жайында да мағұлмат берілетіндігі белгілі. Айтыстың аяқталуына байланысты оқиға толық қамтылмаған. Шығарманың осындай тағы бір шағын үлгісін Айтқожа Дауашұлы [15] жеткізген қолжазбадан көруге болады.

3. *Қатаған менен Сүйүмбайдың айтысканы (3-нұсқа)*. Айтысы Кенесары-Наурызбай соғысынан кейінгі екі қазақ-қырғыздың алғаш елдесіп, соғыста өлген шейттерге ас беріп, ат шаптырған ұлы жиынында өтеді. Қолжазбада сол жылы: «Сүйінбай 23 жаста, Қатаған 40-50 жастың ортасында екен» деген мәлімет келтіріледі. Нұсқаның мазмұны М. Үмбетаев 1978 жылы Шу қаласының тұрғыны Мәдеш Өлімбековтен жазып алып, 1990 жылғы «Сүйінбайдың шығармалар жинағына» енген үлгімен жақындау келетіні байқалады. Дегенмен нұсқаның өзіндік стильдік ерекшелігінде, тілдік жүйесінде, оқиғалар желісінде біршама өзгешеліктер көрініс береді. Мәселен, «Сүйінбай булығып отырып қалды, айта алмай. Өлқисса, сол кезде Тезек төре басын көтеріп: «Әй, қу Шапырашты-Еекей! Қырғыз асына қырық жігіттің бастығы қылып әкелгенде, төрелердің басын кесіп итке салғанын бетіме салық, сүйегіме таңба қылып әкелген екем, – деп қисайып жата кеткен екен» деген қара сөзді мәтіндер басқа нұсқаларда кездеспейді.

Жинаушы Мақұлбек Аманов шығарманы Артықбай деген кісінің қолжазбасынан көшіріп алып, жиырма жылға жуық өз үйінде сақтаған. Кейінен С. Байходжаев, Ч. Конокбаев сияқты халық әдебиет мұраларын жинаушылар жазып алып, Қырғыз Республикасы Шыңғыс Айтыматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына [16] тапсырған. Айтыстың қырғыз нұсқасының көшірмесін түсіріп, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институттың қолжазбалар қорына тапсырған – филол. ғ.д. профессор Б. Ыбырайым.

4. *Сүйімбай мен қырғыз ақыны Қатағанның Жантай, Орман, Бәйтік манаптардың алдындағы айтыстары (4-нұсқа)*. Айтыстың көлемі – шағын. Соған қарағанда, айтушының жадында қалғандары ғана хатқа түскен сыңайлы. Мазмұн жағынан Е.Ысмайылов пен Б.Адамбаев жинаған Әбдіреш Оспанов нұсқасына жақын келеді. Мәгін 1945 жылы Жамбыл обылысы, Меркі ауданы, Екпінді колхозының тұрғыны Айтқожа Дауашұлынан жазылып алынған. Қазір Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында [15] сақталған.

Қорыта айтқанда, қазақтар арасында «Сүйінбай мен Арыстанбек» және «Сүйінбай мен Қатаған» ақындардың айтысы деп аталатын айтыс үлгілерінен онға жуық айтыс нұсқалары сақталған. Және қазақ нұсқаларында Арыстанбек пен Қатаған есімін арқалап жүрген бір адам, яғни, Арыстанбектің руы Қатаған болған себепті «Қатаған жыршы» деп аталған десе, қырғыз нұсқаларында Арыстанбек пен Қатаған екі адам, екеуі де Сүйінбай ақынмен ілгерінді-кейінді Ыстықкөл маңында өткен аста кездесіп, айтысқан еді деген байлам жасайды. Шындығында екі айтыстың мәтіндеріне текстологиялық тұрғыдан талдау жасасақ, екі түрлі айтыс екенін байқауға болады. Сондай-ақ «Сүйінбайдың қазіргі әдебиетімізде орынққан туған жылы 1815 деп көрсетілгенімен қолжазбаларда 1827 жылы өмірге келгені жазылған [2]. Бұл бір. Екіншіден кейбір деректерде Сүйінбай Қатағанмен айтысқанда жиырмадан жаңа асқан жас жігіт еді» делінелді. Және астың 1850 жылдардың басында қырғыз елінде, Ыстықкөл маңында өткені туралы мәліметтер де кездеседі. Мәселен, Қырғыз Республикасы Шыңғыс Айтыматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорындағы «Қатаған менен Сүйүмбайдың айтысканы» атты қолжазбада «Кенесары- Наурызбай соғысынан кейінгі қазақ-қырғыздың алғаш елдесіп, соғыста өлген шейттерге ас беріп, ат шаптырады... Сүйінбай 23 жаста, Қатаған 40-50 жастың ортасында екен» дейді. Бұл мәліметтер жоғарғы «Сүйінбай 1827 жылы туған» деген ойымызды тағы да қуаттайды» [17]. Сонда, Қатаған мен Арыстанбек жыршылар екі адам болған жағдайда Қатаған ақынның туған жылы 1805-1810 жылдар шамасы да, Арыстанбектің Сүйінбайдан 3-4 жас кіші жас айырмасы бар екені анық болады.

Әдебиеттер мен қолжазбалар:

1. Сүйінбай ақын (Әдебиет мұралары) [Текст] / Құрастырған: І. Жансүгіров, Ф. Ғабитова. - Алматы, 1935.
2. ҚР «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазба қоры. 1292-бума.
3. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 386-бума, 3-тізім.
4. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 337-бума, 4-дәптер.
5. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 1097-бума.
6. Арстанбек. Ырдар жыйнағы [Текст]. - Бишкек, 1994
7. Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары: Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар [Текст] / Құрастырушылар: Сұлтанғали Садырбаев пен Есберген Естаев. - Алматы: Жазушы, 1990.
8. Қазақ әдебиеті/ 5 қазан, 2001. № 40
9. Сүйінбай Аронұлы [Текст]. - Алматы: Нұрлыпресс, 2014. - 288 б.; Сүйінбай Аронұлы. Толық шығармалар жинағы [Текст]. - Алматы: «Әдебиет әлемі», 2015. -552 б.
10. Жетісу дүлдүлі. - Алматы, 2015. - 118-131 бб.
11. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар [Текст] / Құрастырған және ғылыми редакциясын қараған: Сұлтанғали Садырбаев пен Есберген Естаев. - Алматы: Жазушы, – 1975.
12. Бөрілі менің байрағым. Жыр толғау, айтыстар, естеліктер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, – 2009.
13. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 987-бума, 3-дәптер.
14. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. 622-бума, 1-дәптер
15. ҚР «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазба қоры. 376-бума.
16. Қырғыз Республикасы Ч. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты қолжазба қоры. 703-бума.
17. Н. Елесбай. Шернияз Жарылғасұлы шығармаларының текстологиясы [Текст] / Н. Елесбай // "Keruen" scientific journal. - №1 (74). - 2022.